

ӘОЖ 339.924

ТҮК ХАЛЫҚАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ

Жеткергенов Алматы Нұрболатұлы

almat_zhetkergenov@mail.ru

3 курс студенті, мамандығы 5В020200 – Халықаралық қатынастар

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Майқанов А. С.

Қазіргі әлемдік экономика дамуының негізгі үрдісі оның жаһандануы болып табылады. Халықаралық экономикалық қатынастардың бұл шешуші факторын әртүрлі елдердегі көптеген зерттеушілер атап өтеді. Әлемдік аренадағы тарихи оқиғалар бойынша жаңа жаһандық әлемде өз мүдделері бар жаңа акторлар пайда болды. Мұндай акторларға мемлекеттер одақтары, үкіметтік әмбебап және аймақтық ұйымдар, ғылыми және қоғамдық

2019

бірлестіктер, коммерциялық ұйымдар және т.б. кіреді. Осындай жаңа акторлардың бірі трансұлттық корпорациялар болып табылады. Бизнесті интернационалдандырудың, өндіріс пен капиталды трансұлттандырудың қазіргі заманғы үрдістері жағдайында жетекші орындарды қызметі жағынан ғана емес, капитал құрамы бойынша да халықаралық трансұлттық компаниялар алады.

ТҰК бойынша әр-түрлі анықтамалар қарастырылады. Г. М. Вельяминовтың пікірінше, ТҰК бір экономикалық мақсатта біріктірілген, белгілі бір елдерде орналасқан және бір орталықтан басқарылатын әртүрлі тәуелсіз ұйымдадың жиынтығы [1]. С.В Шагурин бойынша, трансұлттық корпорацияларды – бұл өз қызметінде халықаралық тәсілді пайдаланатын және орналасқан елде және басқа елдердегі филиалдарымен шешімдер қабылдаудың бірыңғай орталығы бар трансұлттық өндірістік, сауда және қаржы кешенін құруды көздейтін кешен [2]. ЮНКТАД анықтамасына сәйкес екі немесе одан да көп елдерде бөлімшелері бар, бір немесе бірнеше шешім қабылдау орталықтары арқылы келісілген саясат жүргізуге қабілетті, онда бас компания басқа экономикалық бірліктердің шетелдік филиалдардың, қауымдасқан компаниялар мен филиалдардың активтерін бақылайтын компания трансұлттық болып саналады.

ТҰК жаһандыққа дамытылған дәстүрлі типтік құрылымына әлемнің әртүрлі елдерінде орналасқан және жұмыс істейтін бас компания және ТҰК-ның басқа да бөлімшелері кіреді. ТҰК бұл капиталдың белгілі бір бөлігін иелену арқылы байланысты кәсіпорындардың шетелдік активтерін бақылайтын бас компанияға тиесілі меншіктің бірыңғай атауына негізделген фирмалардың экономикалық бірлестіктері. Бас компанияға тиесілі капиталдың мөлшеріне, сондай-ақ құқықтық мәртебесі мен бағыну дәрежесіне байланысты бас компанияның әсер ету саласындағы фирмаларды келесідей жіктеуге болады [2]:

1. бөлімдер;
2. еншілес компаниялар;
3. қауымдасқан компаниялар;
4. бірлескен кәсіпорындар.

Бас компания заңды тұлға ретінде тіркеледі және ТҰК негізі болып келеді. Бас компания экономикалық орталық ретінде рөлін атқарады. ТҰК бөлімдері дербестікке ие емес, сондықтан өзі жеке қызмет жүргізе алмайды: бас компанияның атынан әрекет етеді. Еншілес компаниялар, бөлімдерден айырмашылығы, заңды түрде тәуелсіз. Келісімдер жасасуды және қаржылық документацияны жүргізеді. Қауымдасқан компаниялар заңды және экономикалық тұрғыдан тәуелсіз және кез-келген басқа компаниялардың бақылауында емес.

ТҰК халықаралық қатынастар акторы ретінде қарастырылады және құқықтық сипаттама беру үшін, корпорацияларға сай критерийлер мен сипаттар қарастырылу керек. Осыдан, үстіде айтылып кеткен анықтамалардан келесі сипаттамаларды шығаруға болады:

1. ТҰК бас штаб пен филиалдардың болуы, және филиалдар екі немесе оданда көп мемлекеттерде орналасу

2. Бас кәсіпорын шетелдегі өз фирмалары қызметінің барлық тараптарын бақылауды қамтамасыз етеді.

3. ТҰК өзінің бөлімшелері арасында жоғары тиімділікпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін арнайы қаржылық және өндірістік байланыстарға ие.

Алайда бұл ТҰК-дың дәстүрлі түрі. Қазіргі заманда, экономикалық және өндірістік процесстерге байланысты, корпорациялар әрекеттесу формасының өзге түрлеріде кездеседі. Бас компания мен оның шетелдік еншілес кәсіпорындарының аймақтық өзара әрекеттесу түрі бойынша барлық ТҰК үш түрі қарастырылады [2]:

- Этноцентрлік сипатта – ТҰК-тің бұл түрі жоғары басшылықтың бас компанияның басымдығына сипатталады. Корпорация үшін шетелдік нарықтар бас компания орналасқан елдің ішкі нарығының жалғасы болып қала береді.

- Региоцентрлік сипатта – сыртқы нарықтың маңыздылығының артуымен сипатталады. Мұндай ТҰК-да шетелдік бөлімдердің үлкенірек және алуан түрлі, олар бас компанияның

өнімдерін нарықтардың қажеттіліктеріне сәйкес сол жерде өндіретіндіктен сатпайды. Шетелдік филиалдарда жергілікті менеджерлер басым, бөлімдер өздері автономды.

- Геоцентрлік сипатта – ТҰК аймақтық бөлімдердің орталықтандырылмаған федерациясы болып табылады. Бас компания мұнда өзін ТҰК орталығы ретінде емес, оның бір бөлігі ретінде қарастырады.

ТҰК-ның ұлттық емес сипатына байланысты олардың халықаралық экономиканы дамытудағы рөлі бірдей емес. Олардың қызметінің нәтижесі халықаралық ақпараттық жүйелерді құру, мемлекеттердің табиғи әлеуетін игеру, жаңа технологияларды құру, прогрессивті халықаралық стандарттарды енгізу, халықаралық мамандандыру мен ынтымақтастықты дамыту, зерттеулерді, өндірісті, сауданы ұйымдастыру процестерін жеделдету болып табылады. ТҰК негізгі мақсаты – қаржы табу. Осыған байланысты ТҰК мемлекеттер мен олардың аумақтарында корпорациялардың қалыпты жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті шикізат базалары, өндірістері, сауда жолдары мен өткізу нарықтары орналасқан мемлекеттердің саяси саласына кіруін қарастырады. ТҰК осы елдерде болып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық процестерді мүмкіндігінше бақылауға табиғи ұмтылысты көрсетеді. Корпорацияларға бір-бірімен бәсекелес болу қиындай түсуде және олар мемлекеттердің қолдауын іздей бастайды, ұлттық элиталардың өкілдерімен келіссөздер жүргізеді. Осы елдердің нарығына немесе ресурстық базасына тезірек қол жеткізу үшін ТҰК кейде билік өкілдерін қысымға, пара беруге жүгінеді, егер бұл нәтиже бермесе, корпорациялар елде оларға адал саясаткерлердің күшіне әкелетін ішкі саяси қақтығыс жағдайын құруға жүгіне алады. Осыдан ТҰК-ның өсіп келе жатқан экономикалық және саяси ықпалына байланысты ТҰК-дың халықаралық құқықтық мәселесі маңызды.

ТҰК қызметі мен әлемдік экономикаға әсерін зерттеу 1972 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен ТҰК орталығы құрылған кезде басталды. Бірнеше жылдар бойы БҰҰ-ның да, басқа да халықаралық ұйымдардың да ТҰК қызметін халықаралық реттеуді құруға талпыныс жасалды. Халықаралық ұйымдар дамушы мемлекеттердің көмегіне сүйене отырып, ТҰК реттеу жүйесін құруға тырысты, нәтижесінде дамыған елдер бұған жол бермеді, өйткені олардың корпорациялармен тең негізде өзара әрекеттесуге және олардың қызметінен пайда алуға күштері мен мүмкіндіктері болды. 1993 жылдан бастап әлі күнге дейін ТҰК мәселесінде ЮНКТАД-тың бөлімі жұмыс істейді және жыл сайын әлемдік инвестициялар бойынша баяндамалар жасалады.

Қазіргі уақытта ТҰК-ның қабылдаушы елдердегі қызметі Халықаралық еңбек ұйымы қамқорлығымен 1977 жылы қабылданған «көпұлтты корпорациялар мен әлеуметтік саясатқа қатысты қағидаттардың үш жақты декларациясымен» реттеледі. 1980 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы тыйым салынған іскерлік тәжірибені бақылау үшін көп жақты келісілген әділ ережелер мен қағидаттар жүйесін мақұлдады, ал 1994 жылы ЭКОСОС трансұлттық корпорациялардың қызметі туралы ақпаратты неғұрлым ашық ететін есепке алу және есептілік мәселелеріне шолу жасады. ТҰК қызметінің жекелеген аспектілері ГАТТ/ДСҰ Уругвай раунды 1994 ж. қабылдаған «Инвестициялық шаралардың сауда аспектілері туралы келісім» және «Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша келісім» реттелуі мүмкін болды. ХВҚ мен ДСҰ әзірлеген стандарттар ТҰК-ға әсер етуге шақырылады. Мәселен, 1992 жылы ХВҚ қабылдаған «басшылық қағидаттары» мемлекеттердің өз аумағына инвестицияларға рұқсат беруді реттеу құқығын растайды, ал ДСҰ егер олар ДСҰ-ға қатысушы елдерде жұмыс істейтін болса, ТҰК сақтауға тиіс сауда қызметінің түрлі мәселелері бойынша стандарттар әзірледі. Халықаралық ұйымдардың қызметіне қарамастан, ТҰК қызметін реттеудегі негізгі рөлді қазіргі уақытта олардың экономикаларында тікелей шетелдік инвестициялардың қызмет етуі мен шарттарын реттейтін ұлттық заңнама атқарады. Мемлекетшілік реттеу ТҰК филиалдары мен еншілес кәсіпорындарының қызметін қабылдаушы елдің ұлттық заңнамасына бағындыруды білдіреді [3]. Басқаша айтқанда, құқықтық реттеудің бұл түрі ішкі заңдар шеңберіндегі құқықтық әсерді білдіреді. ТҰК қызметін халықаралық-құқықтық реттеу мәселесі туралы айта отырып, қазіргі таңда олардың

міндеттерін, сондай-ақ олардың жауапкершілік мәселелерін реттейтін кешенді заңды міндетті актінің әмбебап деңгейінде жоқ екенін атап өтеміз. ТҰК-мен байланысты негізгі мәселелер көрсетілген деңгейде нормалары ұсынымдық сипатқа ие.

Бұл елдерде корпорациялар жұмыс істеу мүдделеріне жауап беретін экономикалық құрылымдарды құрайды. Дамушы елдерде орналасқан үлкен өндірістік кешендер қабылдаушы елдің экономикалық жүйесімен емес, нақты орналасқан жеріне қарамастан корпорациялардың құрамына кіретін кәсіпорындармен байланысты. ТҰК бөлімдері дамушы елдердің көп деңгейлі экономикасындағы өз мүдделерінің қозғаушы күші ретінде әрекет етеді. Олар ең жаңа және күрделі өнімдер шығарады, ең заманауи жабдықтарды пайдаланады. Осылайша, ТҰК қызметі екі есе әсер етеді. Олардың болуы капитал ағынының кеңеюіне, жаңа технологиялардың пайда болуына, ішкі нарыққа жеткізілімдердің кеңеюіне және экспорт көлемінің өсуіне әкелетіні сөзсіз. Бүгінгі таңда ТҰК тікелей орналасқан мемлекеттер мен қабылдаушы елдер сияқты халықаралық қатынастардың толыққанды қатысушылары болып табылады. Мемлекеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі, оның әл-ауқаты және әлемдік экономикаға кірігу дәрежесі көбінесе оның экономикасында орналасқан корпорациялардың қызметімен байланысты. Айтарлықтай материалдық мүмкіндіктерге ие бола отырып, ТҰК халықаралық аренада өздерінің талаптарын қоюға тырысады, бұл халықаралық корпорациялардың үкіметтері мен мемлекеттерінің ықтимал наразылықтары мен қарсылықтарын туындатады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Вельяминов Г.М. Международное экономическое право и процесс (Академический курс): Учебник, – М.: Волтерс Клувер, 2004. – 478 б.
2. Шагурин С.В., Шимко П.Д. Экономика транснационального предприятия: учебное пособие. - СПб., 2008. - 355 б.
3. Малиновский О.Н., Собчак О.А. О международно-правовом регулировании деятельности транснациональных корпораций, <https://cyberleninka.ru/article/n/o-mezhdunarodno-pravovom-regulirovanii-deyatelnostitransnatsionalnyh-korporatsiy>